



БҰЙРЫҚ

2020 ж. 24 ақпан

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *72*

город Астана

**Жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдарына
оқытушылық қызметке тарту үшін
шетелдік ғалымдар санын бөлу
жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі №460 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының «QS-WUR рейтингінде белгіленген қазақстандық ЖОО-лар саны» нысаналы индикаторын орындау мақсатында және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқытушылық қызметке шетелдік ғалымдарды және топ-менеджментке шетелдік мамандарды тарту жөніндегі іріктеу комиссиясының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы хаттамалық шешімінің негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқытушылық қызметке тарту үшін шетелдік ғалымдар санын бөлу жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды іске асыруға қатысатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорлары осы бұйрықтың тиісті орындалуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Орталық) тартылған шетелдік ғалымдардың орындаған жұмыс көлемі мен бөлінген қаражаттың игерілуі туралы ақпаратты 2020 жылғы 1 сәуірге, 1 шілдеге және 1 желтоқсанға ұсынсын.

3. Орталық бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы мен орындалған жұмыс көлеміне мониторинг жүргізіп, мониторинг нәтижелерін тиісті талдамалық


анықтамамен ресімделсін және 2020 жылғы 10 сәуірге, 10 шілдеге және 10 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауына ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі**



А. Аймағамбетов

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушылық қызметіне шетелдік ғалымдар санын бөлу жоспарын бекіту туралы

2020 жылғы 24 ақпандағы № 72 бұйрыққа сәйкес бюджет қаражаты есебінен шетелдік ғалымдарды тарту үшін келесі университеттер бекітілді:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
3. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
4. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
5. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
6. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
7. Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
8. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
9. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
10. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
11. С. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
12. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті
13. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
14. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
15. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
16. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
17. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
18. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
19. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
20. Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
21. Рудный индустриалық институты
22. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
23. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
24. С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
25. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
26. С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті
27. Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті
28. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
29. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты